



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (2)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhы
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 833–850
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAХР / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_833-850

1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨНІРІНДЕГІ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ» (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Руслан Батырханұлы Жүсіпов¹, Гүлмира Келдібайқызы Нұрышева^{2*}

¹Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
(Байтұрсынұлы көшесі, 47, 110000 Қостанай, Қазақстан Республикасы)

Гуманитарлық ғылымдарының магистрі, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

<https://orcid.org/0009-0007-9166-2067>. E-mail: rus.zhussupov@mail.ru

²Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
(Байтұрсынұлы көшесі, 47, 110000 Қостанай, Қазақстан Республикасы)

PhD, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының професор ассистенті

<https://orcid.org/0000-0003-0115-0951> E-mail: ng-8080@mail.ru

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Жүсіпов Р.Б., Нұрышева Г.К., 2026

Андатпа. *Kіріспе.* Мақалада ХХ ғасырдың 20–30 жылдарындағы Кеңес өкіметінің әлеуметтік-саяси саясатының маңызды тетіктерінің бірі – азаматтарды сайлау құқығынан айыру науқаны қарастырылады. Кеңестік билік қоғамды «таптық тұрғыдан қайта құру» мақсатында бірқатар әлеуметтік топтарды қоғамдық-саяси өмірден шеттету саясатын жүргізді. Бұл саясаттың құқықтық негізі 1918 жылғы РСФСР Конституциясында бекітіліп, оның 65-бабына сәйкес «таптық жат элементтер» санатына жатқызылған азаматтар сайлау және сайлану құқықтарынан айырылды. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты – 1921–1925 жылдар аралығында Қостанай губерниясының құрамына кірген Қостанай, Денисов және Боровской уездері бойынша діни белгілеріне байланысты сайлау құқығынан айырылған азаматтардың сандық көрсеткіштерін анықтау, олардың әлеуметтік құрамын талдау және бұл құбылыстың кеңестік діни саясатпен байланысын ашып көрсету. Осы мақсатқа жету үшін сайлау құқығынан айырудың құқықтық негіздерін талдау, архивтік деректерді жүйелеу, дін қызметкерлерінің үлес салмағын анықтау және олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына тигізген ықпалын бағалау міндеттері қойылды. *Материалдар мен тәсілдері.* Зерттеу жұмысының деректік негізін Қостанай облыстық мемлекеттік архивінің Р-72 және Р-237 қорларында сақталған құжаттар құрайды. Атап айтқанда, 1921–1925 жылдардағы сайлау құқығынан айырылған азаматтардың тізімдері, әкімшілік құжаттар және статистикалық мәліметтер пайдаланылды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, деректанулық, құрылымдық-функционалдық және сандық талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар кеңестік кезеңдегі нормативтік-құқықтық актілер мен отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сүйенілді. *Нәтижелері.* Архивтік материалдарды талдау нәтижесінде 1921–1925 жылдар аралығында Қостанай губерниясының Қостанай, Денисов және Боровской уездері бойынша 2 мыңнан астам азаматтың

сайлау құқығынан айырылғаны анықталды. Олардың ішінде діни белгілеріне байланысты шектелгендердің саны 600-ден астам адамды құрап, жалпы шектелгендердің шамамен 30,2 пайызын құрады. *Қорытынды.* Зерттеу нәтижелері кеңестік биліктің дін қызметкерлерін саяси құқықтарынан айыру арқылы оларды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан шектеуге және қоғамдық өмірден оқшаулауға ұмтылғанын көрсетеді. Бұл саясат дін қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесінің төмендеуіне, экономикалық мүмкіндіктерінің шектелуіне және кейінгі жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің алғышарттарының қалыптасуына ықпал етті. Сонымен қатар мақала өңірлік архив деректері негізінде кеңестік діни саясаттың нақты көрінісін ашып көрсетіп, Қазақстан тарихнамасын жаңа деректермен толықтырады.

Түйін сөздер: Кеңес өкіметі, сайлау құқығынан айыру, «лишенцы», дін қызметкерлері, антирелигиялық саясат, Қостанай губерниясы, саяси қуғын-сүргін, әлеуметтік шектеу, кеңестік діни саясат.

Дәйексөз үшін: Жүсіпов Р.Б., Нұрышева Г.К. 1920–1930 жылдардағы Қостанай өңіріндегі діни бірлестіктерге қатысты Кеңес өкіметінің саясаты (архив деректері негізінде) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. 833–850-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_833-850

ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ РЕЛИГИОЗНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ В КУСТАНАЙСКОМ РЕГИОНЕ В 1920–1930-Е ГОДЫ (НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ)

Руслан Батырханұлы Жусупов¹, Гульмира Келдыбаевна Нурушева^{2}*

¹Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы (д. 47, ул. А. Байтұрсынова, 110000 Костанай, Республика Казахстан)

Магистр гуманитарных наук, заместитель декана факультета социально-гуманитарных наук по воспитательной работе

<https://orcid.org/0009-0007-9166-2067>. E-mail: rus.zhussupov@mail.ru

²Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы (д. 47, ул. А. Байтұрсынова, 110000 Костанай, Республика Казахстан)

PhD, ассистент профессора, кафедра социально-гуманитарных дисциплин

<https://orcid.org/0000-0003-0115-0951>. E-mail: ng-8080@mail.ru

*Корреспондирующий автор

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Жусупов Р.Б., Нурушева Г.К., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается одна из важных составляющих социально-политической политики советской власти в 1920–1930-е годы – кампания по лишению граждан избирательных прав. Советская власть, стремясь к «классовой перестройке общества», проводила политику отстранения ряда социальных групп от общественно-политической жизни. Правовой основой данной политики стала Конституция РСФСР 1918 года, в статье 65 которой закреплялось лишение избирательных прав граждан, отнесённых к категории «классово чуждых элементов». *Цель и задачи исследования.* Целью исследования является выявление количественных показателей граждан, лишённых избирательных прав по религиозному признаку в Кустанайском, Денисовском и Боровском уездах, входивших в состав Кустанайской губернии в 1921–1925 гг., анализ их социального состава и раскрытие связи данного явления с советской религиозной политикой. Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи: анализ правовых оснований лишения избирательных прав, систематизация архивных данных, определение доли служащих культа среди лишённых избирательных прав и оценка влияния данной политики на их социально-экономическое положение. *Материалы и методы.* Источниковую базу исследования составляют документы, хранящиеся в фондах Р-72 и Р-237 Государственного архива Костанайской области. В частности, использованы списки граждан, лишённых избирательных прав в 1921–1925 гг., административные документы и статистические сведения. В ходе исследования применялись историко-сравнительный, источниковедческий, структурно-функциональный и количественный

методы анализа. Кроме того, использованы нормативно-правовые акты советского периода, а также отечественная и зарубежная научная литература. *Результаты.* Анализ архивных материалов показал, что в 1921–1925 гг. в Кустанайском, Денисовском и Боровском уездах Кустанайской губернии избирательных прав были лишены более 2 тысяч человек. Из них свыше 600 человек были ограничены по религиозному признаку, что составляет около 30,2% от общего числа лишённых прав. *Заключение.* Результаты исследования показывают, что советская власть стремилась ограничить социально-экономические возможности духовенства и изолировать его от общественной жизни посредством лишения политических прав. Данная политика способствовала снижению социального статуса служителей культа, ограничению их экономических возможностей и формированию предпосылок для последующих политических репрессий. Кроме того, статья на основе региональных архивных материалов раскрывает конкретные проявления советской религиозной политики и дополняет историографию Казахстана новыми источниковыми данными.

Ключевые слова: советская власть, лишение избирательных прав, «лишенцы», служители культа, антирелигиозная политика, Кустанайская губерния, политические репрессии, социальные ограничения, советская религиозная политика.

Для цитирования: Жусупов Р.Б., Нурушева Г.К. Политика советской власти в отношении религиозных объединений в Кустанайском регионе в 1920–1930-е годы (на основе архивных материалов) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. С. 833–850. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_833-850

THE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT TOWARD RELIGIOUS ASSOCIATIONS IN THE KOSTANAY REGION IN THE 1920S–1930S (BASED ON ARCHIVAL SOURCES)

Ruslan Batyrkhanuly Zhusupov¹, Gulmira Keldybaevna Nurusheva^{2*}

¹Kostanay Regional University named after Akhmet Baitursynuly (47, A. Baitursynov str., 110000 Kostanay, Republic of Kazakhstan) Master of Humanities, Deputy Dean for Educational Work of the Faculty of Social and Humanitarian Sciences <https://orcid.org/0009-0007-9166-2067>. E-mail: rus.zhussupov@mail.ru

²Kostanay Regional University named after Akhmet Baitursynuly (47, A. Baitursynov str., 110000 Kostanay, Republic of Kazakhstan) PhD, Assistant Professor, Department of Social Sciences and Humanities <https://orcid.org/0000-0003-0115-0951>. E-mail: ng-8080@mail.ru

*Corresponding author

© Valikhanov IHE, 2026

© Zhusupov R.B., Nurusheva G.K., 2026

Abstract. Introduction. The article examines one of the important mechanisms of the socio-political policy of the Soviet government in the 1920s–1930s – the campaign to deprive citizens of voting rights. In its effort to achieve the “class-based reconstruction of society,” the Soviet regime implemented a policy of excluding certain social groups from public and political life. The legal basis of this policy was established in the 1918 Constitution of the RSFSR, particularly in Article 65, according to which citizens categorized as “class-alien elements” were deprived of the right to vote and to be elected. *Purpose and objectives.* The purpose of this study is to determine the quantitative indicators of citizens deprived of voting rights on religious grounds in the Kostanay, Denisov, and Borovsk districts of the Kostanay province between 1921 and 1925, to analyze their social composition, and to reveal the connection of this phenomenon with Soviet religious policy. To achieve this goal, the following tasks were set: to analyze the legal foundations of the deprivation of voting rights, to systematize archival data, to determine the proportion of clergy among those deprived of voting rights, and to assess the impact of this policy on their socio-economic status. *Materials and methods.* The source base of the study consists of documents preserved in the R-72 and R-237 collections of the State Archive of Kostanay Region. In particular, lists of citizens deprived of voting rights in 1921–1925,

administrative documents, and statistical data were used. The research employed historical-comparative, source analysis, structural-functional, and quantitative research methods. In addition, normative legal acts of the Soviet period as well as domestic and foreign scholarly literature were used. *Results.* Analysis of archival materials showed that between 1921 and 1925 more than 2,000 citizens were deprived of voting rights in the Kostanay, Denisov, and Borovsk districts of Kostanay province. Among them, more than 600 individuals were restricted on religious grounds, accounting for approximately 30.2% of the total number deprived of voting rights. *Conclusion.* The results of the study demonstrate that the Soviet authorities sought to limit the socio-economic opportunities of the clergy and isolate them from public life by depriving them of political rights. This policy contributed to the decline of the social status of religious ministers, restricted their economic opportunities, and created preconditions for the political repressions of subsequent years. Furthermore, based on regional archival materials, the article reveals concrete manifestations of Soviet religious policy and enriches the historiography of Kazakhstan with new empirical data.

Keywords: Soviet government, disenfranchisement, «lishentsy», clergy, anti-religious policy, Kostanay province, political repression, social restrictions, Soviet religious policy.

For citation: Zhusupov R.B., Nurusheva G.K. The policy of the soviet government toward religious associations in the Kostanay region in the 1920s–1930s (based on archival sources) // Отан Тарихы. 2026. Vol. 29. № 2. Pp. 833–850. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_833-850

Кіріспе. XX ғасырдың 20–30-жылдары кеңестік саяси жүйенің орнығуы барысында қоғамның әлеуметтік құрылымын түбегейлі қайта қалыптастыруға бағытталған саясат жүргізілді. Бұл саясаттың құрамдас бөлігі ретінде «таптық жат элементтерді» қоғамдық-саяси өмірден аластату тетігі кеңінен қолданылды. Аталған үдеріс Кеңес Одағы көлемінде заңнамалық негізде жүзеге асырылып, 1918 жылғы РСФСР Конституциясы арқылы бекітілді. Конституцияның 65-бабына сәйкес бірқатар әлеуметтік топтар, соның ішінде дін қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері сайлау және сайлану құқығынан айырылды. Дін өкілдерін құқықтық шектеу кеңестік атеистік идеологияны орнықтырудың және дәстүрлі рухани институттарды әлсіретудің негізгі құралдарының біріне айналды. Сайлау құқығынан айыру тек саяси тетік қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық қысым жасау әдісі болды. Бұл шаралар азаматтардың еңбек ету, білім алу, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне қатысу құқықтарын шектеумен қатар, оларды қоғамнан оқшаулауға бағытталды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі – кеңестік репрессиялық саясаттың бір қыры болып табылатын «сайлау құқығынан айыру» науқанының өңірлік деңгейдегі көрінісін, нақтырақ айтқанда Қостанай облысы аумағындағы діни қызметкерлердің тағдыры арқылы талдау қажеттілігімен айқындалады. Кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін мәселелері кеңінен зерттелгенімен, азаматтарды сайлау құқығынан айыру арқылы шектеу тетігінің әлеуметтік салдары мен оның дін қызметкерлеріне тигізген ықпалы арнайы, жүйелі түрде қарастырылуы әлі де өзекті болып отыр. Әсіресе 1921–1925 жылдар аралығындағы архивтік деректер негізінде жүргізілген талдау кеңестік діни саясаттың аймақтық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – 1921–1925 жылдар аралығында Қостанай губерниясына қарасты Қостанай, Денисов және Боровской уездері бойынша діни белгілеріне байланысты сайлау құқығынан айырылған азаматтардың сандық көрсеткіштерін анықтау, олардың әлеуметтік құрамын талдау және кеңестік биліктің діни саясатымен байланысын ашып көрсету.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

- 1918 жылғы РСФСР Конституциясындағы сайлау құқығынан айыруға қатысты құқықтық нормаларды талдау;
- Қостанай өңірі бойынша 1921–1925 жылдар аралығындағы архивтік деректерді жүйелеу;
- Діни қызметкерлердің үлес салмағын сандық тұрғыдан айқындау және оны жалпыодақтық көрсеткіштермен салыстыру;
- Сайлау құқығынан айырудың діни қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына тигізген әсерін бағалау.

Осылайша, зерттеу кеңестік кезеңдегі дінге қатысты саясаттың өңірлік деңгейдегі нақты көрінісін ашып көрсетіп, сайлау құқығынан айырылған азаматтардың тарихи тағдырын зерделеу арқылы ұлттық тарихнаманы жаңа деректермен толықтыруға бағытталады.

Талқылау. Зерттеу жұмысы тарихи жүйелілік, салыстырмалы талдау және құрылымдық-функционалдық әдістерге негізделеді. Тарихи фактіні талдауда архивтік деректер кеңінен

қолданылды, сонымен қатар деректанулық және тарихи-салыстырмалы әдістер маңызды рөл атқарды. Зерттеу барысында кеңестік кезеңдегі нормативтік-құқықтық актілер, архивтік құжаттар және ғылыми әдебиеттер пайдаланылды. Жұмыста нақты оқиғаларды уақыт және кеңестік аясында қарастыру принципі сақталды.

Қазақстанда бұл тақырып зерттелуі аз, сондықтан өзекті мәселе болып табылады. Көршілес Ресейде біршама зерттеулер жүргізілгенімен, жүйелі ғылыми еңбек әлі жоқ. Мысалы, «Декреты Советской власти» (М.: Политиздат, 1959, Т. 2) [Декреты Советской власти, 1959: 685] және Н.А. Фёдорова «Лишенцы 1920-х годов: советское сословие отверженных» [Фёдорова, 2007: 483–496] мақаласы осы тақырыпты қамтиды. Кеңестік тарихи әдебиетте сайлау құқығынан айыру басты тақырып болмағанымен, ол кейбір зерттеулерде қарастырылған. 1920-жылдары кеңес құқықтанушылары М. Владимирский, С.М. Бродович, П.И. Стучка, Г.С. Гурвич сайлау жүйесінің дамуы контекстінде сайлау құқығынан айыру және оны қалпына келтіру рәсімдерін зерттеді [Владимирский, 1921: 144; Бродович, 1925: 132; Стучка, 1929: 160; Гурвич, 1929: 336]. Алайда, олардың еңбектері көбінесе насихаттық сипатта болды [Каврайский, Хамармер, 1929: 64]. Бұл зерттеулерде сайлау құқығынан айыру мәселесі объективті тарихи процесс ретінде емес, таптық күрестің заңды құралы ретінде негізделді. Дегенмен, қазіргі отандық және шетелдік тарихнамада бұл мәселе жаңа әдіснамалық тұрғыдан қайта қарастырылуда. 1936 жылғы Конституция қабылданғаннан кейін сайлау құқығынан айыру өзекті мәселе болудан қалғандықтан, зерттеулерде үзіліс пайда болды. 1950–1980 жылдары құқықтанушылар бірінші кеңес Конституциясын зерттеу аясында [Филимонов, 1960: 215; Лепешкин, 1966: 535; Портнов, Славин, 1982: 310; Чистяков, 1984: 208], ал тарихшылар Кеңестер қызметі мен «эксплуататорлық таптардың» [Боженко, 1969: 212; Гушин, Ильиных, 1987: 312; Андреев, 1990: 235] жойылуын зерттеу контекстінде сайлау құқығынан айыру және «айрылғандар» мәселесін қозғады. Дегенмен, бағалау тәсілдері стереотиптік сипатта болып, тек кейбір дәлелдермен толықтырылды.

Сайлау құқығынан айыру мәселесі арнайы зерттеу тақырыбы ретінде тек 1990 жылдардың басында қарастырылды. Ресейлік зерттеушілер арасында «айрылғандар» проблемасын жаңа бағалау позицияларынан алғаш зерттеген А.И. Добкин [Добкин, 1992: 600–628] болды. Кейіннен, 1990 жылдардың екінші жартысынан бастап, жеке аймақтардың «айрылғандары» және әртүрлі «айрылғандар» топтары терең зерттелді. 1997 жылы «Уралдағы репрессия тарихы» жинағы жарық көрді, оның бір мақаласы «дін қызметкерлері» санатына арналды, бұл бұрын әдебиетте арнайы қарастырылмаған тақырып еді. Ю.А. Русина дін қызметкерлерінің демографиялық құрылымы, шіркеудегі лауазымдары, әлеуметтік қатысудағы өзгерістер және сайлау құқығын қалпына келтіру мотивтерін талдайды [Русина, 1997: 119–129].

Мемлекеттің репрессивті-дискриминациялық саясаты контекстінде сайлау құқығынан айыру мәселесі С.А. Красильников [Красильников, 1998: 322], Т.И. Славко [Славко, 1995: 174], В.М. Кириллов [Кириллов, 1996: 231] еңбектерінде қарастырылды. «Айрылғандар» категориясын зерттеуде қазіргі дереккөздік талдау әдістері мен ақпараттық технологиялар қолданылды. Ерекше назар аударарлық еңбек – Мәскеу зерттеушілерінің «Лишение избирательных прав в Москве в 1920–1930-е годы» монографиясы [Тихонов және т.б., 1998: 256]. «Әлеуметтік инженерия» саясаты және революциядан кейін маргиналды жағдайға түскен адамдардың мәртебесі мен тағдыры Т.М. Смирнованың [Смирнова, 2003: 296] жұмысында қарастырылды, дін қызметкерлері автордың «тәубе хаттары» және билік реакциясы контекстінде талданды.

Батыс Сібір материалдары негізінде «айрылғандарды» зерттеу М.С. Саламатова [Саламатова, 2007: 320; Саламатова, 2016: 434] жүргізді. Оның еңбектерінде «айрылғандарға» қатысты кеңес заңнамасы, оның практикадағы қолданылуы, ауылдық және қалалық «айрылғандардың» саны, құрамы және құрылымы қарастырылады. Мұндай кешенді зерттеу дін қызметкерлерінің әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерін басқа «айрылғандар» топтарымен салыстыруға мүмкіндік берді. Автор олардың өмірлік стратегиясы мен мінез-құлық тактикасын жан-жақты қарастырды.

«Айрылғандардың» зерттеулері жалғасуда, олардың ішінде жеке аймақтар (Мордовия, РСФСР батыс аймағы, Алтай, Тверь, Қырым) және әртүрлі санаттағы сайлау құқығынан айрылғандар қарастырылады [Морозова, 2005: 24; Полякова, 2007: 65–68; Карпычева, 2009: 26; Серокурова, 2010: 28; Валуев, 2012: 232].

Тарихшылар мен құқықтанушылар бұл құбылысты әртүрлі қырынан зерттейді: құқықтанушылар оны кеңес сайлау заңнамасының дамуындағы жеке кезең ретінде қарастырады [Белоновский, 2009: 13–16; Дуксин, 2009: 20–23].

Православтық руханиятқа қатысты сайлау құқығынан айыру мәселесін арнайы зерттеген З.Ш. Мавлютова Түмен және Тобольск округтері материалдарын талдады [Мавлютова, 2009: 52–57]. Ю.А. Русина Орал өңіріндегі материалдар негізінде «айрылғандардың» әлеуметтік-мәдени сипаттарын, өтініштерін жан-жақты зерттеді [Русина, 2009: 192–200].

Новосибирск ұлттық зерттеу мемлекеттік университетінің өкілі А.А. Кожаева 1918–1936 жылдардағы «сайлау құқығынан айрылғандарды» кемсітушілік науқанын зерттеді. Автор РСФСР 1918 жылғы Конституциясының бастауын атап, кеңестік кезеңдегі еңбектерде мәселенің таптық күрес тұрғысынан идеологияландырылғанын, посткеңестік кезеңде «айрылғандарды» әлеуметтік-құқықтық кемсідудің және саяси бақылаудың құралы ретінде қарастырылғанын көрсетеді. Зерттеу барысында тарихи-құқықтық, институционалдық, әлеуметтік-стратификациялық және микротарихи тәсілдер қолданылып, нормативтік-құқықтық актілер, архив деректері, статистикалық материалдар және «айрылғандардың» жеке істерін талдау әдістері сипатталады. Сонымен қатар ғылыми дискурстың эволюциясы – кеңестік апологетикалық ұстанымнан тоталитарлық жүйе жағдайында азаматтық құқықтарды шектеуді сын тұрғысынан бағалауға дейін – қарастырылады. Автор әр кезеңдегі зерттелу деңгейінің біркелкі еместігін атап, қазіргі кезеңде тақырыпты зерттеуде белгілі бір «тоқырау» бар деп қорытындылайды [Кожаева, 2024: 130–138].

Батыс тарихнамасында сайлау құқығынан айыру кеңестік әлеуметтік тарихын зерттеу контексінде қарастырылды. Ш. Фицпатрик бұл құбылысты 1920–1930 жылдардағы кеңес қоғамының әлеуметтік құрылым динамикасының маңызды факторы ретінде бағалады [Фицпатрик, 1990: 16–31], сонымен қатар күнделікті өмір тарихы аясында қарастырды [Фицпатрик, 2008: 336; Фицпатрик, 2011: 376]. Американдық зерттеуші В. Бровкин [Brovkin, 1998: 266] де «айрылғандар» проблемасын әлеуметтік тарих тұрғысынан зерттеді. Г. Алексопулос жеке іс материалдарына сүйене отырып, сайлау құқығынан айыруды саяси репрессиялардың бір түрі ретінде қарастырды [Alexopoulos, 2003: 243].

Қазіргі уақытта постреволюциялық кезеңдегі діни руханияттың сайлау құқығынан айырылуы кешенді зерттелмеген. Зерттеуді қажет ететін мәселелерге дін қызметкерлерінің сайлау құқығын қалпына келтіруге талпыныстары, құқықтық мәртебесін қорғау әрекеттері, 1920–1930 жылдардың бірінші жартысында билік деңгейлерінің руханият қызметкерлерінің мәртебесіне реакциясы кіреді. Бұл мемлекеттік-құдай қатынастарын зерттеу аясын кеңейтеді.

Соңғы жылдары отандық ғалымдар сайлау құқығынан айырылған дін өкілдерінің тағдырын зерттеуге ерекше назар аударып келеді. Евразия ұлттық университетінің зерттеушісі Ю.В. Шаповал 1920–1930 жылдары Солтүстік Қазақстанда, оның ішінде Петропавл қаласында кеңес билігінің мұсылман дінбасыларына қарсы саясатын талдады. Зерттеуде репрессия эволюциясы – құқықтық шектеуден бастап, ПХК (НКВД) тарапынан «контрреволюциялық ұйымдарға қатысушы» деген айыппен қолдан жасалған қылмыстық істерге дейінгі үдеріс – тарихи реконструкция әдісімен, ақталған дін қызметкерлерінің тергеу материалдары арқылы қарастырылды. Автор мұсылман дінбасыларын тек қуғын-сүргін нысаны ғана емес, өз ұстанымын сақтаған субъект ретінде қарастырды [Шаповал, 2022: 153–168]. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің өкілі Алпыспаева Г.А. 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы дін қызметкерлеріне қарсы кеңестік репрессиялық саясатты зерттеп, «айрылғандар» санатының дін өкілдерін жүйелі түрде кемсіту тетігіне айналғанын көрсетті. Архив деректерге сүйене отырып, нақты сандық мәліметтер келтірілді және сайлау құқығынан айыру науқанының өңірлік көлемі ашылды [Алпыспаева, 2023: 19–23].

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті өкілі А.К. Бұлғынбаеваның мақаласында 1920–1930 жылдардағы Шығыс Қазақстан өңірінде дін қызметкерлері мен молдаларды сайлау құқығынан айыру саясаты кеңестік биліктің антирелигиялық бағытының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Автор дін өкілдерін сайлауға қатысу құқығынан шеттетудің құқықтық негізі РСФСР 1918 жылғы Конституциясы ережелерінде бекітіліп, «лишенецтер» санаты арқылы «пролетариатқа жатпайтын» әлеуметтік топтарды, соның ішінде түрлі конфессия өкілдерін, азаматтық құқықтардан айыру тетігі қалыптасқанын көрсетеді. Зерттеуде сайлау құқығынан айыру науқаны әлеуметтік шектеулермен қатар жүргені атап өтіледі: салықтың көбеюі, жұмыстан шығару, мүлікті тәркілеу, жер аудару, «айрылғандардың» балаларына білім алуға шектеу қою сияқты шаралар қолданылған. Шығыс Қазақстан облысының архив материалдары негізінде мешіттер мен діни қауымдарға жасалған әкімшілік қысым тетіктері ашылып, жаңа әлеуметтік жіктеу жүйесінің дәстүрлі қоғамдық және отбасылық құрылымға кері әсері талданады. Автор сайлау құқығынан айыру саясаты

1930-жылдардағы қатаң қуғын-сүргінге ұласқан репрессиялық шаралардың бастапқы кезеңі болғанын және оның өңірдегі діни өмірдің трансформациясына, дін қызметкерлерінің қоғамдағы мәртебесінің өзгеруіне елеулі ықпал еткенін қорытындылайды [Булғынбаева, 2024: 14–21]. Астана халықаралық университеті, А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты және Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті ғалымдары Қ.С. Өскембаев, С.А. Ескалиев, К.Т. Бодеевтің еңбегінде 1920–1930 жылдардағы кеңес билігінің дінге қарсы саясаты индустрияландыру, ұжымдастыру және «мәдени төңкеріс» үдерістерімен тығыз байланыста қарастырылады. Авторлар кеңестік идеология аясында «құдайсыз қоғам» қалыптастыру мақсаты көзделгенін атап көрсетіп, дінге қарсы күрестің кезеңдерін, әдістері мен мазмұнын жүйелейді. Зерттеудің тарихнамалық маңызы – архив материалдары негізінде дін қайраткерлеріне қарсы жүргізілген әкімшілік-құқықтық қысым, қылмыстық істердің қозғалуы, арнайы насихаттық іс-шаралар мен қуғын-сүргін тетіктерін кешенді талдауында. Авторлар кеңестік дінге қарсы саясатты тоталитарлық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде бағалап, оны қоғамды идеологиялық тұрғыдан қайта құруға бағытталған мемлекеттік стратегияның ажырамас элементі ретінде тұжырымдайды [Өскембаев және т.б., 2024: 196–206].

2021-2023 жылдары Қостанай облысының төңірегінде жұмыс істеген өңірлік комиссия мүшелерінің зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретінде шыққан еңбектерден сайлау құқығынан шектелген дін қызметкерлері туралы мәліметтерді кездестіруге болады. Сонын ішінде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары)». Т. 18. (Томды құрастырушылар: А.А. Айтмухамбетов, С.С. Исмаилов, А.Н. Табулденов, Р.Б. Жусупов, Т.А. Елибаев, К.М. Касымов) жинақта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік республикалық, облыстық, өңірлік және аудандық, сондай-ақ ведомстволық архивтерінен алынған құжаттар қамтылады. Бұрын жарияланбаған архивтік құжаттар кеңес өкіметінің репрессиялық саясатының аз зерттелген тарихын ашады. Сондай-ақ ұжымдық авторлардың Айтмухамбетов А.А., Исмаилов С.С., Табулденов А.Н., Жусупов Р.Б. «1920-1940 жылдардағы қостанай облысындағы саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы фактілерді зерттеу» монографиясынан әртүрлі архивтардан тапқан деректі дереккөздерге негізделген. Жұмыста байлар мен кулактарды тәркілеу және діни өкілдеріне қарсы қудалау себептері, немістерді Қостанай облысының аумағына депортациялау және орналастыру тарихы баяндалады [Айтмухамбетов және т.б., 2022: 6–73]. Сондай-ақ 1920 жылдары Қостанай губерниясы бойынша сайлау құқығынан шектелген дін өкілдерінің тізімі көрсетілген. Әсіресе 1921-1925 жылдар аралығындағы Қостанай облысының облыстық архивінде сақтаулы тұрған сайлау және сайлану құқықтары шектелген дін қызметкерлерінің тізімі нақтыланды. 1921 жылдың сәуір айынан бастап Қостанай губерниясы құрылды және оның құрамына Боровской, Қостанай, Денисов, Семиозерный, Федоров, Всесвятск, Адамов аудандары кірді. Оның ішінде Қостанай облыстық архив қорларынан табылған 3 аудан (Қостанай, Боровой, Денисов) бойынша шамамен 1921-1923 жылы дауыс беру құқығынан айырылған діни қызметкерлердің тізімін көруге болады.

Бұл мақала толықтай Қостанай облыстық мемлекеттік архивінен Р-72, Р-237 қорларында сақталған құжаттар негізінде жазылды. Сонын ішінде Р-72 қордың 20-дан астам іс, Р-237 қордың 5 іс ғылыми айналымға енгізілді.

Нәтижелері. 1917–1918 жылдардан бастап Кеңес өкіметінің орнауына байланысты діни бірлестіктердің қызметін едәуір шектейтін жарлықтар мен қаулылар қабылданды. Осы нормативтік құжаттардың негізінде дін өкілдеріне қарсы бұрын-соңды болмаған қудалау саясаты жүргізіле бастады. Бұл саясаттың құқықтық негіздері алғаш рет 1918 жылдың жазында Кеңестердің Бесінші Бүкілресейлік съезі қабылдаған алғашқы кеңестік Конституцияда көрініс тапты.

Аталған Конституцияда арнайы саяси шектеу енгізіліп, «сайланбайтын және сайлана алмайтын» азаматтар санаты белгіленді (төртінші бөлім, он үшінші тарау, алшыс бесінші бап). Осы бапқа сәйкес аталған санаттағы азаматтар белсенді және пассивті сайлау құқығынан айырылды. Конституция бойынша бұл санатқа жалдамалы еңбекті пайдалану арқылы пайда табатын тұлғалар, еңбекке жарамсыз кірістер есебінен өмір сүретіндер (капиталдан түсетін пайыздар, кәсіпорындардан немесе мүліктен түсетін кірістер), жеке саудагерлер мен сауда делдалдары, монахтар мен діни қызметкерлер, бұрынғы патша үкіметінің қызметкерлері мен полиция агенттері, жандармерия қызметкерлері, күзет бөлімшелерінің өкілдері, сондай-ақ патша әулетінің мүшелері енгізілді. Сонымен қатар белгіленген тәртіп бойынша ақыл-есі кем деп танылған немесе қамқорлықта жүрген адамдар және заң немесе сот үкімі бойынша белгілі бір мерзімге пайдакүнемдік немесе ар-намысты

қорлайтын қылмыстар жасағаны үшін сотталған тұлғалар да сайлау құқығынан айырылған азаматтар қатарына жатқызылды [Декреты Советской власти, 1959: 561–562].

Кеңес өкіметі үшін саяси тұрғыдан қауіпті деп танылған әлеуметтік топтардың ұжымдық бейнесі насихаттық материалдарда да көрсетілді. Мысалы, 1919 жылы суретші Дмитрий Моор (Орлов) жасаған «Кеңеске қарсы кім?» атты плакатта Кеңес билігіне қарсы әлеуметтік топтардың жинақталған бейнесі берілген (сур. 1).



Сур. 1. Кеңестерден аулақ болу керек – жаулар (суретші Д.С. Моордың «Кеңеске қарсы кім?» плакаты, 1919 жыл)

Осылайша Кеңес үкіметі өз билігін нығайту және қорғау мақсатында сайлау жүйесінде азаматтарды «өз» және «бөтен» деп бөлетін принципті енгізді. Сондықтан азаматтарды таптық негізде сайлау құқығынан айыру саясатын құқықтық формада жүзеге асқан саяси әдістердің бірі ретінде қарастыруға болады [Фёдорова, 2007: 486].

Қазіргі уақытта Кеңес Одағы кезеңіндегі тоталитарлық режимнің қалыптасуы мен қызмет етуіне арналған көптеген зерттеулер жарияланған. Көп жағдайда бұл еңбектерде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың тағдыры, яғни жер аударылғандар, лагерьлерге қамалғандар немесе өлім жазасына кесілгендер қарастырылады. Алайда Кеңес мемлекеті қоғамды қайта құру барысында тек репрессиялық әдістерді ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік ортаны өзгертудің басқа да құралдарын кеңінен қолданды. Солардың бірі азаматтарды сайлау құқығынан айыру арқылы қоғамнан шеттету саясаты болды. Сондықтан XX ғасырдың 20-шы жылдарының басынан 30-шы жылдардың ортасына дейінгі кезеңдегі «айрылғандар» санатына жатқызылған азаматтардың тағдырын зерттеу Кеңес қоғамындағы әлеуметтік өзгерістерді жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік береді.

Қостанай облыстық архивінің құжаттары Кеңес үкіметі енгізген «сайлау құқығынан айыру» саясатының бұл өңірде де белсенді түрде жүзеге асырылғанын көрсетеді. Архив материалдарын талдау нәтижесінде 1921–1925 жылдар аралығында сайлау және сайлану құқықтары шектелген дін қызметкерлерінің тізімдері нақтыланды.

1921 жылдың сәуір айында Қостанай губерниясы құрылды. Оның құрамына Боровской, Қостанай, Денисов, Семиозерный, Федоров, Всесвятск және Адамов аудандары енгізілді. Қостанай облыстық архивінің қорларынан табылған деректер негізінде Қостанай, Боровской және Денисов аудандары бойынша 1921–1925 жылдары сайлау құқығынан айырылған дін қызметкерлерінің тізімдері анықталды.

1923 жылдың қазан және қараша айлары аралығында Қостанай уезінің құрамына кірген тоғыз болыс бойынша сайлау құқығынан айырылған 865 жергілікті азамат тіркелген. Олардың ішінде дін қызметкерлері және діни белгілеріне байланысты шектелген тұлғалар саны 316 адамды құрады. Бұл көрсеткіш жалпы шектелген азаматтардың 36,3 пайызына тең [Айтмухамбетов және т.б., 2022: 6-73].

Келесі диаграмма деректері Қостанай уезінде сайлау құқығынан айыру саясатының едәуір бөлігі діни топтарға бағытталғанын көрсетеді (диаграмма 1). Яғни, әрбір үшінші шектелген азамат дін қызметімен байланысты болған.




Диаграмма 1. 1921–1925 жылдардағы Қостанай губерниясында сайлау құқығынан айырылған азаматтардың жалпы құрылымындағы дін қызметкерлерінің үлес салмағы [ҚОМА, Қ.Р-72-қор, 1-тізбе, 163-іс, 2-12-п.; 167-іс, 15-п.; 156-іс, 10-п.; 166-іс, 3-п.; 157-іс, 7-п.; 164-іс, 21-п.; 161-іс, 3-п.; 165-іс, 7-п.; 162-іс, 5-п.]

1925 жылы Қостанай уезі бойынша сайлау құқығынан айырылғандардың жалпы саны 258 адамды құрады. Оның ішінде діни белгілеріне байланысты тіркелген азаматтар саны 114 адам болды. Бұл жалпы шектелгендердің 44,2 пайызын құрайды.

Қостанай уезінде сайлау құқығынан айырылғандардың арасында дін қызметкерлері ең ірі әлеуметтік топтардың бірі болған [ҚОМА, Қ.Р-72-қор, 1-тізбе, 248-іс, 18-п.]. Сонымен қатар диаграмма мәліметтері қоғамның басқа әлеуметтік топтары да шектеу шараларына ұшырағанын көрсетеді. Мысалы, материалдық жағдайына байланысты шектелгендер қатарына саудагерлер, жалдамалы еңбек пайдаланушылар және кәсіпкерлер енгізілді. Олардың үлесі жалпы шектелгендердің 27 пайызын құрады. Әкімшілік қызметіне байланысты шектелгендер қатарына Кеңес өкіметіне қарсы әрекеттерге қатысқандар, соның ішінде Колчак әскерінің құрамында болғандар және Ақпан төңкерісіне дейін патша үкіметінің офицерлері болған адамдар енгізілді. Бұл топ жалпы шектелгендердің 14 пайызын құрады. Сонымен қатар сот шешімі бойынша сайлау құқығынан айырылғандар 14 пайызды, ал денсаулық жағдайына байланысты шектелгендер 4 пайызды құрады.

1923 жылы Денисов ауданының құрамына кірген төрт болыс бойынша сайлау құқығынан айырылған 524 азамат тіркелген. Олардың ішінде дін қызметкерлері және діни белгілеріне байланысты шектелгендер саны 92 адамды құрады. Бұл көрсеткіш жалпы шектелгендердің 17,5 пайызына тең [Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары, 2022: 28-98; Айтмухамбетов, 2022: 6-73 б.; ҚОМА, Қ.Р-72-қор, 1-тізбе, 144-іс, 12-п.; 153-іс, 17-п.; Қ.Р-278-Ж-қор, 1-тізбе, 66-іс, 21-п.; 154-іс, 9-п.]

1925 жылғы деректер бойынша Денисов уезінде сайлау құқығынан айырылған азаматтардың тізімін қарастыру барысында кейбір болыстар бойынша толық мәліметтердің ұсынылмағаны анықталды (кесте 1). Соған қарамастан сақталған архив материалдары негізінде 1925 жылдың тамыз айына дейін Денисов уезінің бірнеше болыстары бойынша жасалған тізімдер зерттелді. Осы деректерге сәйкес сайлау құқығынан айырылған азаматтардың жалпы саны 61 адамды құрады.

Кестеде көрсетілгендей, бұл тізімде дін қызметкерлерінің басым екендігі байқалады. Ауылдар бойынша жасалған тізімдерде молдалар, имамдар және православие дінінің священниктері тіркелген. Көптеген жағдайларда олардың сайлау құқығынан айырылу себебі «молда болғаны үшін» немесе «діни қызмет атқарғаны үшін» деп көрсетілген. Бұл деректер Кеңес өкіметінің дін қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан сенімсіз топ ретінде қарастырғанын айқын көрсетеді.

